Бұл ережелер Халықаралық еңбек ұйымының *(бұдан әрі - ХЕҰ)* «Еңбек саласындағы негізгі принциптер мен құқықтар туралы» декларациясында[3], сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың *(бұдан әрі – ЕАЭО)* мүше мемлекеттердің Конституциясында және еңбек кодексінде қарастырылады.

Жұмыс күшінің еркін қозғалысы тауарлар, қызметтер мен капиталдар сияқты Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы мен Ресей Федерациясын біріктіретін ЕАЭО іргелі негіздерінің бірі болып табылады.

Еңбек бостандығы қағидаты-жұмыс күшінің еркін қозғалысы бұл мүше мемлекеттер арасында қалыптасқан шетелдік азаматтың немесе бір мүше мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтың не азаматтығы жоқ адамның мемлекеттік органдар тарапынан қандай да бір рұқсат алмай жұмысқа орналасу мақсатында кез-келген басқа мүше мемлекетке көшу мүмкіндігін білдіретін адамгершілік пен құқықтықтың басшылық идеясы, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттен жалдаушылардың (жұмыс берушілердің) мемлекеттік органдар тарапынан қандай да бір лицензиялар немесе рұқсаттар алмай, осындай жеке тұлғаны еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмысқа тарту мүмкіндігін қарастырады.

Бұл қағидат, жеке тұлғаның тұрақты тұратын еліне оралуы немесе еңбек қызметін жалғастыру үшін мүше мемлекетте еркін еңбек қызметін атқаруына қатысты заңды мүмкіндігін білдіреді.

## Материалдар мен әдістер

ЕАЭО еңбек бостандығы қағидатын ұстанудың конституциялық кепілдігін құқық қолдану практикасында жүзеге асыруының кейбір мәселелерін қарастыру барысында ғылыми танымның келесі әдістерін: тарихи-құқықтық, формальды-құқықтық, талдау және синтез әдістерін қолдана отырып, кешенді зерттеу жүргізілді. Сонымен бірге, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының адам құқықтарын қорғау саласы бойынша нормалары, ХЕҰ конвенциялары, халықаралық әдет-ғұрыптар, ЕАЭО органдарының актілері зерттелді.

## Талқылау және оның нәтижелері

ЕАЭО мүше мемлекеттердің еңбек құқығының қағидаттары ұлттық құқықтық тәртіпте және ең алдымен, Конституция ережелері мен еңбек кодексінің нормаларында қалыптасады. Бұл принциптердің көпшілігі ЕАЭО мүше мемлекеттері бойынша сәйкес келгенімен, белгілі бір еңбек-құқықтық идеяларды тұжырымдау, мазмұны және шоғырландыру тәсілдері бойынша айырмашылықтар бар.

Салыстырылып отырған ЕАЭО мүше бес мемлекеттің қолданыстағы Конституциясына толығырақ тоқталып, оларда баянды етілген еңбек құқығының конституциялық кепілдіктер қарастыратын бастауларында қағидаттық айырмашылықтар неден көрініс табатынын анықтап, содан кейін олардың еңбек кодексінде қаншалықты толық тұжырымдалғанын бағалайтын боламыз.

Ресей Федерациясы Конституциясының 37-бабында: «Әркімнің еңбек ету қабілетін еркін басқаруға, қызмет түрі мен мамандығын таңдауға құқығы бар»-делінген. Осы баптың 2-бөлігінде қауіпсіздік пен гигиена талаптарының сақталуы талап етіледі[4].

Армения Республикасы Конституциясының 57-бабының 1-бөлігінде: «Әркімнің еркін еңбекті таңдау құқығы туралы» атылады[5].

Аталған нормаға ұқсас норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабының 1-бөлігінде қарастырылып өткен, нақтырақ тоқталатын болсақ, бұл бапта: «Әркімнің еңбек ету бостандығы мен қызметін, кәсібін еркін таңдау құқығы бар»-делінген[6].

---

[2] *Европейская Социальная Хартия (пересмотренная) Страсбург, 3 мая 1996 года//URL: https://www.coe.int/ru/web/moscow/evropejskaa-social-naa-hartia (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[3] *Декларация МОТ об основополагающих принципах и правах в сфере труда и механизм ее реализации. Принята Генеральной конференцией Международной организации труда на ее 86-й сессии, Женева, 18 июня 1998 года// URL:https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/ilo_principles.shtml (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[4] *Конституция Российской Федерации//URL: http://www.constitution.ru/index.htm (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[5] *Конституция Республики Армения. Принята 06.12.2015//URL: https://www.president.am/ru/constitution-2015/ (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[6] *Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қа-*

Қырғызстан Республикасы Конституциясының 42 бабының 1-бөлігінде бұл құқықтық кепілдіктерді қарастыру үш нормамен біріктіріліп жазылған: біріншіден, «Әркімнің еңбек бостандығына және еңбекке қабілеттілігіне толықтай билік ете алады, мамандығы мен кәсібін еркін таңдау мүмкіндігі қарастырылады», екіншіден, «Қауіпсіздік пен гигиена талаптары сақталған жұмыс орнында еңбек ету құқығы» құқығы, үшіншіден, «Заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес еңбекақы алуға құқығы бар»[7].

Жоғарыда аталған төрт Конституциядан Беларусь Республикасының Конституциясы біршама ерекшеленеді. Атап өтетін болсақ, Беларусь Республикасының Конституциясының 41 бабының нормасына сәйкес: «Беларусь Республикасының азаматтарына еңбек ету құқығы, яғни өзге ЕАЭО мүше мемлекеттеріндегі сияқты, бірақ кәсіби біліктілігі, қабілеттері, білімі, кәсіби дайындығы және қоғамдық қажеттіліктері ескеріле отырып, мамандығын, кәсібі мен жұмыс түрін таңдау еркіндігі, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларында еңбек етуіне кепілдіктері» қарастырылған.

Сонымен бірге, мемлекет халықты толық жұмыспен қамту үшін жағдай жасайды. Адам өзіне байланысты емес себептер бойынша жұмыспен қамтылмаған жағдайда оған жаңа мамандықтарды оқытуға және қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, біліктілігін арттыруға, сондай-ақ заңға сәйкес жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға кепілдік беріледі-делінген[8].

С.В. Мазуренконың зерттеуінде еңбек бостандығы, жалпы алғанда, халықаралық актілерде, сондай-ақ Ресей Федерациясының Конституциясынан орын алғанымен, заңды ұғым емес-деп нақты айтылған [1, 65 б.].

Бұл тұжырымдамамен келісу керек, өйткені бұл принцип, ең алдымен, декларативті болып табылады, дегенмен декларативтілік бүкіл халықаралық заңдарға тән. Жалпы еңбек құқығы мен еңбек бостандығына құқық бірдей болмаса да, жақын ұғымдар саналады. Керісінше, екіншісі біріншісіне қосылады. Бұл тұрғыда осы принципті қолдану мүмкіндігі оның белгілі бір құқықтық категорияға теориялық тұрғыдан қарағанда әрдайым сақталмайтын бірақ, әлдеқайда маңызды екенін атап өткен жөн.

М.Х. Хасенов атап өткендей, еңбек бостандығына құқық адамның және азаматтың өмір сүру құқығын білдіреді. Әркімнің еңбек қызметін заңмен тыйым салынбаған кез келген нысанда жүзеге асыруға құқығы бар, демек, еңбек құқығы. Бұл ретте мемлекет еңбек саласындағы әлеуметтік функцияны орындаудан шеттетілмейді, оған еңбек бостандығы туралы конституциялық норманы іске асыру үшін жан-жақты жағдайлар жасау міндеті жүктеледі [2, 143 б.].

Бостандық сөзі тура анықтамасында келесі мағыналарды білдіреді: «1. философияда: табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын түсіну негізінде әркімнің өз еркінің субъектісі ретінде көріну мүмкіндігі. 2. Қандай да бір таптың, бүкіл қоғамның немесе оның мүшелерінің қоғамдық-саяси өмірі мен қызметін байланыстыратын шектеулер мен шектеулердің болмауы. 3. Жалпы, қандай да бір шектеулердің, бір нәрседе шектеулердің болмауы. 4. тұтқындалмаған адамның жағдайы» [3, 728 б.].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, еңбек бостандығына – бұл жұмысты адамның еркіне ешқандай шектеусіз орындауы немесе жұмысты мүлдем орындамауы жатады-деп пайымдаймыз.

Сонымен, еңбек бостандығы – бұл еңбек құқығының негізгі принциптерінің бірі, ол адамның өзінің еңбек қабілетін еркін басқаруға, кәсіп түрін, қызмет саласын таңдауға мүмкіндік береді.

ЕАЭО келісім шартының 97 бабына сәйкес, мүше мемлекеттердің азаматарына бұл қағидат бойынша, бес мемлекеттің азаматтарына еңбек және азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс істеуге жол беріледі. Сонымен бірге, ЕАЭО азаматтары өздері қалаған шығармашылық бағытта, ғылым, өнер, әдеби, қоғамдық, кәсіпкерлік қызметтермен де айналысуына мүмкіндік беріледі[9].

Жалдамалы еңбектің талаптарына сәйкес, жұмыскер еңбек шартының мазмұнында көрсетілген талаптарға сәйкес, өзіне тиесілі

*былданды. //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[7] *Конституция Кыргызской Республики. Принята Принята референдумом (всенародным голосованием) 11 апреля 2021 года. (Введена в действие Законом Кыргызской Республики от 5 мая 2021 года). //URL: http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/112213?cl=ru-ru (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[8] *Конституция Республики Беларусь от 15 марта 1994 года № 2875-XII (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.03.2022 г.)// URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30404260&doc_id2=30404260#activate_doc=2&pos=2_5;-103.04545593261719&pos2=0;0 (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

[9] *Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ.// URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240 (жүгінген күн: 26.07.2022 ж.).*

жұмысты ғана жүзеге асырады, ал жұмыс берушінің өз тарапынан қосымша ақы төлемей, өзара келісім немесе заңнамада көзделген талаптардан басқа жағдайларда, қосымша жұмыстарды орындауын талап етуге құқығы жоқ, себебі ол еңбек бостандығы қағидасының бұзылуына әкеледі. Жұмыскер ішкі еңбек тәртібі ережелеріне және жұмыс берушінің өкімдеріне бағынып, белгілі бір еңбек функциясын орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, жалақыны уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті [4, 79 б.].

Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары сақталған жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, жұмысқа қажетті шикізат өнімдері мен өзге де материалдарды қамтамасыз ету, басқа да еңбек шарты, ұжымдық шарттарда көрсетілген тиісті еңбек жағдайларын жасауға міндетті. Жұмыскерлерге еңбек функциясын тиімді орындауларына мүмкіндік беруі тиіс.

Жалпы еңбек бостандығы, ретінде жұмыскерлерге мынадай мүмкіндіктер қарастырылады:

- жұмыс орнындағы кәсіби біліктіліктерін арттыру мен оны жүзеге асыру;
- жұмыс уақыты мен орындалатын жұмысының нормасына сәйкес, оны тиімді пайдалану, жұмыстың өнімділігін арттыратын және қажетті қауіпсіз өндіріс құралдарымен жабдықталған жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі;
- тынығу уақыттарын пайдалану, ынталандыру мен өтемақы төлемдері қамтылған жалақысының болуы;
- еңбек ұжымның құқықтары бірдей қамтылған мүшесі, ұжымдық келіссөздер жүргізу мен ұжымдық шарттар жасау, мүмкіндіктері бар және т. б. Яғни қызмет ету саласындағы мүмкіндіктерді іске асыру – бұл еңбек бостандығы. Осылайша, еңбек бостандығы жұмыскерлерге еңбек шарты бойынша және заңға сәйкес еңбек қызметін еркін жүзеге асыру үшін берілген мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Сот тәжірибесіне тоқталатын болсақ, ЕАЭС сотында қаралған еңбек қатынастары туралы істер өте аз. ЕАЭО Сотының ресми сайтында қарастырылған және өндірістегі сот істері – 5 сот істерінен ғана тұрады[10].

Соның ішінде еңбек бостандығы қағидатын ұстану бойынша, Еуразиялық экономикалық комиссия *(бұдан әрі – ЕЭК)* Еуразиялық экономикалық одақ сотына *(бұдан әрі – Сот)* 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың *(бұдан әрі – Шарт)* ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді. ЕЭК Шарттың 1 – бабында ЕАЭО шеңберінде жұмыс күшінің еркін қозғалысы қағидаты бекітілгенін көрсетеді.

Сонымен бірге, Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес, мүше мемлекеттер ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында) және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерді қоспағанда, ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында өздерінің заңнамасында белгіленген шектеулерді белгілемейді және қолданбайтына туралы айтылған. Сонымен, Ресей Федерациясының кәсіптік спорт клубтарында еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде Армения Республикасының кәсіпқой спортшылары – азаматтары құқықтарының бұзылуы туралы өтінішті қарап консультациялық қорытынды беру туралы өтініш түскен[11].

Сонымен бірге, Ресей Федерациясында заңнамада, сондай-ақ Спорт министрлігінің заң актілерінде көзделген қосымша талаптар Шарттың 2-бабының 97-тармағына сәйкес, ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында белгіленетін және қолданылатын шектеулер болып табылмайды және кәсіби спортшыларды дайындау үшін қойылатын талаптар ретінде қарастырылады.

Шарттың 2 – бабына сәйкес, «Ортақ (бірыңғай) нарық» - Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі қамтамасыз етілетін экономикалық қатынастар жиынтығы.

[10] *Суд ЕАЭС – Судебные дела// URL: https://courteurasian.org/court_cases/eaeu/?arrFilter_ff%5BNAME%5D=%D1%82%D1%80%D1%83%D0%B4&arrFilter_pf%5BAPPLICANT_DEFENDANT_SEARCH%5D=&arrFilter_pf%5BCASE_NUMBER%5D=&arrFilter_pf%5BDATE_LAST_UPDATE%5D%5BLEFT%5D=&arrFilter_pf%5BDATE_LAST_UPDATE%5D%5BRIGHT%5D=&arrFilter_pf%5BKEYWORDS%5D=&arrFilter_pf%5BSPHERE%5D=&arrFilter_pf%5BCASE_CATEGORY%5D=&arrFilter_pf%5BCASE_STATUS%5D=&set_filter=&set_filter=Y (жүгінген күн: 03.08.2022 ж.).*

[11] *Консультативное заключение Суда Евразийского экономического суда от 7 декабря 2018 г.// URL: file:///C:/Users/konst202/Downloads/2.%20%D0%95%D0%AD%D0%9A%20(%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82%D1%81%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%8B)%20-%20%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%81%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B5%20%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%BB%D1%8E%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%2007.12.18.pdf (жүгінген күн: 03.08.2022 ж.).*

Шарттың 4-бабында Одақтың негізгі мақсаттарының бірі ретінде Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылуға бекітілген. Шарттың 28-бабының 1 және 2-тармақтарында Одақ Шарттың ережелеріне сәйкес ішкі нарықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды деп айқындалған.

Нәтижесінде, Соттың Үлкен алқасы Одақ құқығында көрсетілген шарттар сақталған кезде кәсіби спортшылар мүше мемлекеттердің еңбекшілері мәртебесіне ие болады, ал олардың қызметі еңбек болып табылады деген қорытындыға келеді.

Басқа еңбек бостандығы және еңбек құқықтарына қатысты даулар бойынша сот істері зейнетақымен қамсыздандыру мәселесіне сәйкес, Қырғызстан Республикасының Әділет Министрлігі жанындағы Сот өкілдігі орталығы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы ЕАЭО мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Келісімнің 3-бабының 4 ережелерін түсіндіру туралы сұраған. Осы істі қарау жөніндегі сот отырысы Сотпен 2022 жылғы 14 қыркүйекке тағайындалған[12].

Тағы бір сот ісін қарастыратын болсақ, ЕАЭО сотына ЕЭК Одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің Шартқа №32 қосымшасы мен 53 және 54- тармақтарының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінген[13].

Шартқа № 32 қосымшаның 53-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссияда және Одақ Сотында жұмыс істегенге дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымын атқарған, Комиссияда және Одақ Сотында атқаратын лауазымынан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және 15 жылдан кем емес мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, егер олар Комиссиядан және Одақ Сотынан босатылудың алдында кемінде 12 ай сол лауазымды атқарса, Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген тәртіппен федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін тағайындалатын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар екендігін көрсетеді.

Сонымен аталған іс бойынша, еңбек бостандығы қағидатын жүзеге асыру арқылы онымен байланысты Одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің сақталуы тиіс деген қорытынды жасалған.

Бұл істер ЕЭАО аумағында заңды түрде тіркеліп, өз құқықтарын заңды негізде жүзеге асырып отырған азаматтардың еңбек бостандығы қағидатының сақталуына конституциялық кепілдіктер берумен байланысты.

Бірақ еңбек бостандығы деген анықтама барлық уақытта бірқалыпты жағдайды білдірмейді. Жалдамалы еңбекті қолдану саласында оны шектеу заңда белгіленген жағдайларда ғана мүмкін болады. Аталған жағдайда жұмыскерлерге заңмен бекітілетін кепілдіктер деңгейін төмендету, олардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге, оларды жауапкершілікке тарту сұрақтары заңмен белгіленуі мүмкін.

ЕАЭО мүше мемлекеттердің қолданыстағы Конституцияның нормаларында еңбек саласындағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарының бірін жүзеге асыра отырып, мәжбүрлі еңбекке қандай да бір тұжырымдамада тыйым салады. Егер Армения Республикасы мен Ресей Федерациясының Конституциясында мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады деп айтылады, ал Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 1-тармағында мәжбүрлі еңбекке жол берілетін жағдайлар қарастырылған, ол сот актісінің негізінде не төтенше немесе соғыс жағдайында ғана орын алады. Өз кезегінде Беларусь Республикасының Конституциясының 41 бабында мәжбүрлі еңбекке тыйым салып, осы нормада Қазақстанның негізгі

*[12] Постановление Суда Евразийского экономического суда от 20 июня 2022 г.// URL: file:///C:/Users/konst202/Downloads/%D0%BF%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%BE%20%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%BD%D1%8F%D1%82%D0%B8%D0%B8%20%D0%BA%20%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B8%D0%B7%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%81%D1%82%D0%B2%D1%83-20.06.22%20(2).pdf (жүгінген күн: 03.08.2022 ж.).*

*[13] Постановление Суда Евразийского экономического суда от 20 июня 2022 г.// URL: file:///C:/Users/konst202/Downloads/1.%20%D0%95%D0%AD%D0%9A%20(%D0%BF%D0%B5%D0%BD%D1%81%D0%B8%D0%B8)%20-%20%D0%9F%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%BE%20%D0%BF%D1%80%D0%B8%D0%BD%D1%8F%D1%82%D0%B8%D0%B8%20%D0%BA%20%D0%BF%D1%80%D0%BE%D0%B8%D0%B7%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D1%81%D1%82%D0%B2%D1%83%2024.09.18%20(2).pdf (жүгінген күн: 03.08.2022 ж.).*

Заңындағы жағдайға ұқсас екі жағдайда жол беріледі. Қырғызстан Республикасының Конституциясының 28 бабының 3 тармағында соғыс жағдайларынан, дүлей зілзалалардың зардаптарын жоюдан және басқа да төтенше жағдайлардан, сондай-ақ сот шешімін орындаумен байланысты болатын кездерден басқа, мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады. Әскери қызметке тарту мәжбүрлі еңбек қатарына жатпайды.

Еңбек бостандығын шектеу мен жұмыскерлерді мәжбүрлі еңбекке тарту, жұмыста заңсыз ауыстыру жағдайлары, еңбек шартында көрсетілмеген және жұмыскерлердің функционалдық міндеттерін орындаумен байланысты жұмыстарды орындауға сәйкес келмейтін жұмыстарды орындауларын тапсыру, жұмыскерді неізсіз жұмыстан шығару мен жұмысқа қабылдамау, жалақысын уақытылы немесе мүлдем төлемейтін жағдайлардың барлығынан көрініс табуы мүмкін. Осындай сипаттағы заңның талаптарын бұзатын осындай жағдайлар оқшауланған сипатта болуы мүмкін.

Е.В. Красноярованың пікірінше, көп жағдайда жұмыс беруші еңбек бостандығын шектеуді еңбек құқығының негіздерін білмеу, құқықтық мәдениеттің төмендігі және заңды теріс пайдалану салдарынан жүзеге асырады [5, 24 б.].

ЕАЭО аумағында мүше мемлекеттің азаматтары өздерін қорғайтын еңбек бостандықтарына конституциялық кепілдіктер беретін нормалардың бар екенін білмей көлеңкелі жұмыспен, жеңіл табыс табу көзімен айналысып жүрген ЕАЭО мүше елдердің азаматтары қаншама. Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, ЕАЭО аумағында 2021 жылдың 1 жартысында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Армения Республикасына – 3 488; Беларусь Республикасына-2 426; Қазақстан Республикасына – 32 684; Қырғыстан Республикасына – 0; Ресей Федерациясына – 738 389 азамат келген. Бұл заңды түрде келген азаматтар, ал көлеңкелі жолмен келіп жатқан ЕАЭО азаматтарының санын қалай анықтауға болады, олардың еңбек бостандығына конституциялық кепілдіктерін қалай жүзеге асыруға болады. Әрине бұл мәселенің барлығы көлеңкелі жұмыс арқылы жеңіл табыс табу мен жақсы өмір сүруді армандап келген азаматтардың өз жауапкершілігінде екенін біле тұра, құқық қолдану практикасында қаншама азаматтардың еңбек ақысын уақытылы ала алмауы, мәжбүрлі еңбекке салынуы сияқты мәселелері жиі кездесіп жатады.

Мысалы, Қазақстан Республикасынан 11 адам жұмыс іздеп Ресей Федерациясына барып, 2006-2015 жылдар аралығында жалақы алмай, мәжбүрлі еңбекті орындаған[14].

Ондай жағдайлар Қазақстан Республикасында ғана емес, басқа елдерде де кездесіп жатады. Адамдар жақсы өмір сүру үшін жұмыс іздеп келіп, артынан мәжбүрлі еңбек етуге түсетін елдердің географиясы өте кең. Осындай қиын жағдайға тап болатын азаматтарға қамқорлық көмегін көрсететін «Сана сезім» қоғамшылдары арқылы біраз мемлекеттердің азаматтары көмек алу жолдарынан өткен. Көбінесе ол құрбандар жақындарының қорғауы мен көмегіне сену қиындығы туындаған өзге елден келушілер болып табылады. «Мұндай адамдардың осал жағдайын пайдаланатын жосықсыз жұмыс берушілер бар», — дейді «Сана сезім» адам саудасы құрбандарына арналған баспана басшысы Р. Худайшукурова[15].

Бұл жағдайда азаматтардың еңбек бостандығы қағидатының құқық қолдану практикасында сақталмауы, конституциялық кепілдіктердің басшылыққа алынбауы мен мәжбүрлі еңбекке салу орын алады.

ХЕҰ-ның 1930 жылы қабылданған №29 «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке қатысты» Конвенциясы[16] және 1957 жылы қабылданған №105 «Мәжбүрлі еңбекті жою туралы» Конвенциясы[17] мәжбүрлі және міндетті еңбектерге тиым салу негіздерін қамтитын нормалардан тұрады. Аталған конвенциялар ЕАЭО мүше мемлекеттерде ратификацияланған.

ХЕҰ №29 «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке қатысты» Конвенциясының 2 бабының 1 тармағына сәйкес: «мәжбүрлі немесе міндетті еңбек ретінде, кез келген жазалау

*[14] Одиннадцать шымкентцев находились в рабстве в Москве// URL:https://otyrar.kz/2017/08/odinnadcat-shymkentskix-zhitelej-naxodilis-v-rabstve-v-moskve (жүгінген күн: 03.08.2022 ж.).*

*[15] Гражданина России, который пробыл в рабстве 25 лет. //URL: https://ru.sputnik.kz/20180726/yug-rabstvo-devushka-osvobozhdenie-6602590.html (жүгінген күн: 04.08.2022 ж.).*

*[16] Конвенция №29 Международной организации труда (с изм. от 11.06.2014) «Относительно принудительного или обязательного труда» (принята в г. Женеве 28.06.1930 на 14-ой сессии Генеральной конференции МОТ)// URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_120759/ (жүгінген күн: 04.08.2022 ж.).*

*[17] Конвенция №105 Международной организации труда об упразднении принудительного труда // URL: https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms_c105_ru.htm (жүгінген күн: 04.08.2022 ж.).*

қаупімен кез келген адамнан өндіріп алынатын және бұл адам өзін ерікті түрде ұсынбаған кез-келген жұмыс немесе қызмет» қарастырылады.

Бұл жағдай туралы Н.В. Глухова, еңбек кодексінде мәжбүрлі еңбек тек келесі белгі арқылы анықталады, жұмыс қандай-да бір жазаға қауіп төндіреді, екіншіден, ол үшін адам өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған және ол қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілмеген жағдайда жұмыс істейді [6, 58 б.].

Н.А. Бриллиантова мен В.В. Архипов «мәжбүрлі» және «міндетті еңбек» арасындағы айырмашылықты ұсынады. «Міндетті еңбек – екі тараптың арасында өзара келісуге мүмкіндік бермейтін жағдайларда кез келген жұмысты орындау, бұл жұмыстар міндетті тұлға үшін біржақты тәртіппен айқындалады». «Мәжбүрлі еңбек – бұл адамның кез-келген міндетіне жатпайтын жұмысты орындаудан бас тарту кезінде қысымдар көрсету арқылы оның жеке басына қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаумен ұштасатын психикасына әсер ету шараларына әкелетін жағдайлармен байланысты жұмыстарды орындау»[18].

Келтірілген саралау мен құқықтық және теориялық дәлелдердің негізінде, еңбек бостандығы қағидатының сақталуын қамтамасыз етуге тиесілі нормаларды қамтитын халықаралық құжаттардың құқық қолдану практикасы мен заң шығару органдары үшін міндетті болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды. Осыған байланысты, көлеңкелі жұмыс салдарынан бір тараптың (жұмыс берушінің) екінші тараптың (жұмыскердің) құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандықтарын негізсіз нашарлатудың салдары қабылданған халықаралық міндеттемелерді бұзудың салдары болады.

**Қорытынды**

Еңбек бостандығы қағидаты еңбек қатынастарын дербес реттейтін еңбек құқығы нысандарының бірыңғай жүйесінің негізгі элементтері болып табылады.

ЕАЭО мүше мемлекеттерінің азаматтарына еңбек бостандығы қағидатының сақталуы мен құқық қолдану практикасында орындалуына әр елдің Конституциясымен кепілдіктер берілген. ЕАЭС жұмыс бабымен кірген азаматтардың бірнеше есе көп екеніне, дегенмен ЕАЭО сотында қарастырылған еңбек қатынастары және еңбек миграцисына қатысты қарастырлыған сот істері бойынша соттың оң қорытынды бергенін, бірақ ол істердің аздығына назар аударамыз. Сонымен қатар, еңбек бостандығының шектелуімен байланысты мәжбүрлі еңбекке тиым салу қажеттіліктері көлеңкелі жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында орын алатыны және ол мәселелелердің әлі күнге дейін өткір мәселе екені сипатталып, ЕАЭО азаматтарының Одақтың Шартында көрсетілген кепілдіктерін қолдануға ұсыныс жасалады.

Мәжбүрлі еңбекке тиым салатын ХЕҰ конвенцияларын ЕАЭО мүше мемлекеттерде мойындалған. Еңбек құқығының нормаларын қамтитын халықаралық шарттар құқық қолдану және құқық шығармашылығымен айналысатын органдар үшін міндетті болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды. Осыған байланысты, еңбек бостандығы қағидатын бұзу арқылы еңбек қатынастарының тараптарының бірінің еңбек құқықтарын нашарлату негізсіз болып табылады. Мәжбүрлі еңбек ретінде, жеке тұлғадан қандай да бір жазалау қатерімен талап етілетін және ол үшін аталған адам өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған кез-келген жұмысты немесе қызметті орындауы-деген тұжырым жасаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Мазуренко С.В. Природа и классификация принципов российского трудового права // Российское правосудие №1. Москва. 2020. – С. 64-73.*

*2. Хасенов М.Х. Конституционное право на свободу труда и договор о неконкуренции в Казахстане: проблемы законодательства и судебной практики. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы № 2 (46), 2020. – С. 143-148.*

*3. Ожегов С., Шведова Н.: Толковый словарь русского языка (80 000 слов и фразеологических выражений) (газетка) – Москва, 2013 . – 896 с.*

[18] *Бриллиантова Н.А., Архипов В.В. Как соблюдаются в России международные нормы о запрете принудительного и обязательного труда// https:// URL:wiselawyer.ru/poleznoe/52699-soblyudayutsya-rossii-mezhdunarodnye-normy-zaprete-prinuditelnogo-obyazatelnogo (жүгінген күн: 04.08.2022 ж.).*

*4. Надирова А.К. Трудовое право Республики Казахстан : курс лекций / А. К. Надирова. - Алматы: ИЦ ОФ Интерлигал, 2013. – 280 с.*

*5. Краснoярова Е.В. Свобода труда и ее ограничения в сфере применения наемного труда // Пролог №2, 2014. – С. 20-24.*

*6. Глухова Н.В. Запрещение принудительного труда //Правоведение. Москва, 2005. № 4. – С. 56 – 65*

## REFERENCE

*1. Mazurenko S.V. Priroda i klassifikacija principov rossijskogo trudovogo prava // Rossijskoe pravosudie №1. Moskva. 2020. – S. 64-73.*

*2. Hasenov M.H. Konstitucionnoe pravo na svobodu truda i dogovor o nekonkurencii v Kazahstane: problemy zakonodatel'stva i sudebnoj praktiki. Қazaқ innovacijalyқ gumanitarlyқ-zaң universitetiniң habarshysy № 2 (46), 2020. – S. 143-148.*

*3. Ozhegov S., Shvedova N.: Tolkovyj slovar' russkogo jazyka (80 000 slov i frazeologicheskih vyrazhenij) (gazetka) – Moskva, 2013. – 896 s.*

*4. Nadirova A.K. Trudovoe pravo Respubliki Kazahstan : kurs lekcij / A. K. Nadirova. - Almaty: IC OF Interligal, 2013. – 280 s.*

*5. Krasnojarova E.V. Svoboda truda i ee ogranichenija v sfere primenenija naemnogo truda // Prolog №2, 2014. – S. 20-24.*

*6. Gluhova N.V. Zapreshhenie prinuditel'nogo truda //Pravovedenie. Moskva, 2005. № 4. – S. 56 – 65*